

ТИНИСТАНОВА С.С.

**АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДА СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТИ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕТІКТЕРІ**

МОНОГРАФИЯ

ТАЛДЫҚОРҒАН, 2025



«І. ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ. АҚ

ТИНИСТАНОВА С.С.

**АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДА
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТИ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕТІКТЕРІ**

Монография

Талдықорған, 2025

ӘОЖ 343.2/7
КБЖ 67.408
Т 41

*Баспаға І. Жансүгіров атындағы Жетісу
университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған
(08.10.2025 ж. №2 хаттама)*

Шікір жазғандар:

Әкімжанов Т.К. – заң ғылымдарының докторы, профессор, «Тұран Университеті».

Бижанова А. - заң ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, «Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті».

Таубаев Б.Р. – философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент), «І. Жансүгіров атындағы университеті».

Т 41

Тинистанов С.С.
Азаматтық қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру тетіктері / Тинистанов С.С. – Талдықорған: ЖК «Орprint», 2025. – 108 б.

ISBN 978-601-389-041-8

Азаматтық қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бірден бір құралы – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру болып табылады. Монографиялық еңбекте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру тетіктері ретінде азаматтардың белсенділігі, қоғамдық бақылау, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі, отбасындағы тәрбие, білім беру және адамның кісілік қасиеттері туралы қарастырылған.

Монографиялық еңбек сыбайлас жемқорлық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, ұлттық құндылықтар, парасаттылық, оларды қалыптастырудың бағыттары, академиялық адалдық, оның талаптары туралы ізденістегі барлық білім беру бағдарламаларының студенттеріне, магистранттарға, докторанттарға және оқытушыларға арналады.

ӘОЖ 343.2/7
КБЖ 67.408

ISBN 978-601-389-041-8

© Тинистанов С.С., 2025
© ЖК «Орprint», 2025

КІРІСПЕ

Азаматтық қоғам институттарының жоғары деңгейде дамымауы мемлекеттегі саяси мәселелерді түпкілікті шешуге, жемқорлық үрдістерімен күресуге, ұлттық зиялы қауымның қалыптасуына мүмкіндік бермеуі мүмкін. Жергілікті өзін – өзі басқару институттарының өз деңгейінде өз міндетін атқармауы салдарынан шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын тежеп, өз кезегінде азаматтық өзін – өзі басқару институттарының дамуына да тосқауыл болады.

Мемлекет пен азаматтық қоғам институттардың өзара әрекеттестігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге, азаматтық қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуына әсер етіп қана қоймай, қоғамдық бірлік пен әлеуметтік тұрақтылықтың қалыптасуына да негіз болады. Сондықтан азаматтық қоғам институттарын пайдалана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселесі бүгінгі күні өзінің өзектілігін жоғалтпаған тақырыптардың бірі.

Бір жағынан қазақстандық қоғамдағы мемлекеттік және мемлекеттік емес секторлардың реформалары, екінші жағынан, қоғамдағы өзекті мәселелерге қатысты бұқаралық қозғалыстардың өсуі, біздің қоғамның дамып, алға жылжып бара жатқандығыны көрсетеді. Сондықтан монографиялық еңбек мемлекет пен азаматтық қоғамның бірге әрекеттесуі арқылы қоғамдағы аса маңызды мәселелерді шешуге жол ашатын, азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін тетіктерді ашуды мақсат етіп қояды.

Мемлекет сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік бағдарламаларды ұсынып, уәкілетті орган сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның нәтижесі туралы мемлекет басшысының алдында есеп беретін ұлттық баяндаманы да жыл сайын әзірлеп, жемқорлық ахуалы туралы талдау жасалауда. Мемлекеттік органдар да, үкіметтік емес ұйымдар да, белсенді азаматтар да жұмылдырылып, қарсы шараларды ұйымдастырғанымен, жемқорлықты түп тамырымен жою мүмкін болмай отыр. Сондықтан қазіргі күрделі кезеңде жемқорлық әрекеттері орын алып, оларды ұстап, жазалағаннан гөрі, оның алдын алу, азаматтардың, әсіресе, жастардың бойында адами қасиеттердің қалыптасуы мен сақталуына баса мән беру қажет.

Себебі бұл үрдіс Батыстың технологиялық жағына ұмтылу, экономикалық өндірісті ұйымдастырудағы жетістіктерін игеру, онымен қатар, еліктеушілік те қатар дамып келеді. Жаһандану көшіне ілесу, ол – қажеттілік, бірақ керісінше, бүгінгі күнде рухани тапшылыққа айналып отырған ізгілік, кісілік, адамгершілік, бауырмалдық, әдептілік, тәрбиелік мазмұнын батыстан іздеуге болмайды деп санаймыз.

Батыс өркениеті бұл тұрғыда ешқандай жетістікке жеткен жоқ, қайта тоқырауға ұшырады. Мысалы, дәстүрлі қазақ қоғамы мәдени құндылықтарды ешуақытта тауар деп қабылдамаған, негізгі ұстанымы бойынша қоғамның шаңырағын шайқалтпай ұстап тұруға тегік, өмірлік ұстаным ретінде қараған. Ал батыс өркениетінде бұл тұрғыдан ұстаным мүлдем басқа, олар мәдени

Мазмұны

КІРІСПЕ	3
1 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІН ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ	6
1.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет ұғымы, белгілері, функциялары.....	6
1.2. Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасу деңгейі мен жай – күйі.....	15
2 АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕТІКТЕРІ	23
2.1 Азаматтық қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың нысандары мен тетіктері туралы түсінік.....	23
2.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы қоғамдық бақылау мен қоғамдық кеңестердің рөлі.....	32
2.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие, білім беру және оның функциялары.....	40
2.4 Отбасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы рөлі.....	47
2.5 Бұқаралық ақпарат құралдары - сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру құралы ретінде	53
3 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ПАРАСАТТЫЛЫҚ	60
3.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда «парасаттылық» ұғымының алатын орны мен маңызы.....	60
3.2 Ұлттық құндылықтар – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру құралы ретінде.....	69
3.3 Академиялық адалдық саясаты - сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру тетігі	77
4 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ	87
ҚОРЫТЫНДЫ	97
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	100

ТИНИСТАНОВА С.С.

**АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДА СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТИ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕТІКТЕРІ**

Монография

Басуға қол қойылды 06.11.2025 ж.

Пішіні 60x84/16

Көлемі 6.75

Таралымы 500 дана

Басып шығарған

ЖК «Print»

Талдықорған қаласы

Жібек жолы көшесі, 33

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті құқық және экономика факультеті, құқықтық пәндер кафедрасының оқытушы-әдіскері, тарих ғылымдарының кандидаты С.С. Тинистанованың «Азаматтық қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру тетіктері» атты монографиялық еңбегіне

СЫН ПІКІР

Берілген монографиялық еңбек қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселесіне арналған. Автор еңбегінде сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік, құқықтық, саяси және рухани-адамгершілік қырларын жан-жақты талдап, оны болдырмаудың тиімді тетіктерін ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Монографияның құрылымы жүйелі, тақырыптық бөлімдері өзара сабақтас және логикалық байланыста құрылған. Әр тарауда мәселенің теориялық негіздері мен практикалық аспектілері қатар қарастырылып, ұлттық және халықаралық тәжірибелер салыстырмалы түрде талданған. Бұл монографиялық еңбекте автор азаматтық қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білудің негізгі тетіктері ретінде: мінез – құлықты қалыптастыру, тәрбие берудегі отбасының рөлін, азаматтарды ақпаратпен қамтамасыз етудегі бұқаралық ақпарат қызметінің маңыздылығын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие мен білім және азаматтардың белсенділігін арттырудағы қоғамдық белсенділік туралы қамтыған.

Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен әлеуметтік маңызды сұрақтарға көзқарасы отбасынан бастау алады. Еңбекті құрметтеуге, моральдық тұрғыдан таза болуға, адалдыққа тәрбиелеу үшін ата – ананың өзінің осы бағыттағы дұрыс ұстанымы болуы қажет, сондықтан монографиялық еңбекте отбасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы орнына басымдық береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілген шаралар, форумдар, дөңгелек үстелдер, конференциялар туралы ақпарат таратуда маңызды орын алады. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы ақпаратпен, ұсталған адамдар мен жазалар туралы кеңінен жариялайтын бұқаралық ақпарат құралдары болғандықтан, автор осы міндетті жүзеге асырудағы оның алатын орынан көңіл бөлген.

Автор сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуында білім беру жүйесінің, қоғамдық сана мен азаматтық ұстанымның рөлін ерекше атап өтеді. Бұл тұрғыдан алғанда еңбек жастарды адалдық, әділдік, жауапкершілік қағидаттарына тәрбиелеудің маңыздылығын дәлелді түрде көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім – сыбайлас жемқорлықпен күрестегі үздіксіз процесс. Сыбайлас жемқорлық, оның белгілері, қарсы мемлекеттік саясат, жауаптылық, жемқорлыққа төзбеушілік, тәрбиелік

бағыттағы шаралар туралы оқытылады. Сондықтан осы бағытта автор өзінің көзқарастары мен тұжырымдарын ұсынған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте азаматтардың құқығы мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғауда маңызды рөл атқаратын және ол ашықтық, адалдық, еріктілік, тәуелсіздік қағидаттарына негізделетін қоғамдық бақылау болғандықтан, монографиялық еңбекте қоғамдық бақылау мен қоғамдық кеңестердің маңыздылығына аса мән берген.

С.С. Тинистанованың дайындаған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру тетіктері» атты монографиялық еңбек мазмұны, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан алғанда талапқа сай орындалған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласында зерттеушілер мен оқытушыларға, студенттер мен магистранттарға пайдалы еңбек болып табылады және баспада жариялауға ұсынамыз.

Пікір білдірген:

М.Х. Дулати атындағы

Тараз университетінің профессоры,
заң ғылымдарының докторы



Еркінбаева Л.К.
Еркінбаева Л.К.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті құқық және экономика факультеті, құқықтық пәндер кафедрасының оқытушы-әдіскері, тарих ғылымдарының кандидаты С.С. Тинистанованың «Азаматтық қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру тетіктері» атты монографиялық еңбегіне

СЫН ПІКІР

Әлемдік қоғамдастықтың одан әрі дамуына байланысты заманауи жаһандық проблемалардың ішінде ең өткір мәселелердің бірі – сыбайлас жемқорлық проблемасы. Соңғы жылдары сыбайлас жемқорлық проблемасы жаппай сипатқа ие болды және қоғамдық өмірдің барлық салаларына (экономикалық, саяси, мәдени, білім беру, денсаулық сақтау) әсер етті. Қазіргі уақытта біздің елімізде сыбайлас жемқорлық деңгейі төмен деп айта алмаймыз.

Біздің ойымызша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім берудің мақсаты білім алушыларда қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы барлық сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға ықпал ететін мәдениетті, сондай-ақ оған қарсы тұруға ғана емес, онымен күресуге де қабілетті қалыптастыру болып табылады.

Осылайша, азаматтық қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мынадай міндеттерді шешуді көздейді: сыбайлас жемқорлық ұғымымен оның мәні, нысандары, қоғам өмірінің әртүрлі салаларындағы көрініс ерекшеліктері туралы жалпы түсінікпен танысу; құқықтық сауаттылық негіздерін қалыптастыру; азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлыққа деген ынтасын ынталандыру; сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру. Сондықтан ұсынылып отырған монографиялық еңбектің осы міндеттерді жүзеге асыруында көмегі зор. Автор азаматтардың өздерінің мінез-құлқын нақты өмірлік жағдайлармен байланыстыруды үйренуі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білуі қабілетін қалыптастырудың бағыттарын көрсетеді

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тек пассивті сипатта ғана емес (қабылдамаймын және қатыспаймын), сонымен қатар белсенді (кез келген көріністермен күресемін) болуы тиіс, яғни азаматтық қоғамда қоғамдық ортаның белсенділігі, қарсы тұра білу қабілеті болуы, ал ол үшін білім беру, тәрбие, ақпараттандыру, отбасындағы тәрбие маңызды орын алады. Сонымен қатар, монографиялық еңбекте отбасында үлкенге құрмет көрсету, кішіге ізет білдіру, ата-анаға құрмет деген секілді ізетті ұғымдар бала тәрбиесінің негізгі қағидалары болатын болса, ұлттық құндылықтар, олардың алатын орыны мен атқаратын қызметі туралы, сондай – ақ парасаттылық идеологиясын насихаттайды. Қазір біздің қоғамда да «бәрі сатылады», «бәрін сатып алуға болады» деген қате көзқарас қалыптасып қана қоймай, оңай баудың жолын іздеу, сатылғыштық, жағымпаздық, билікке жөнсіз ұмтылу, билік үшін жосықсыз бәсекекелестік, байлықты барлығынан жоғары қою, адами

қасиеттен жүрдай әрекеттерге бару, заңдылықты мойындамау, құқықтық тәртіпті бұзу, мемлекеттің байлығын оңды-солды тонау орын алып отырғаны жасырын емес.

Парасаттылық – ол адамның кісілік қасиеті. Адамның адами қасиеті кетіп, басқаның байлығына көз тігу, одан қалды мемлекеттің байлығына қол сұғу, байлығы үшін сыйласу, сол жетістікке жету үшін барын салу (арын сату), заңды ойланбастан белшесінен басу жағдайы орын алған жағдайда оған қарсы тұра білуде адамның кісілік қасиеттерінің қалыптасуы маңызды орын алады. Монографияда осы бағытта адамға ой салатын жақсы тұжырымдар қарастырылған.

С.С. Тинистанованың дайындаған монографиялық еңбегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда бағыт беретін, мемлекеттік тілде ұсынылған, қажетті ғылыми ізденіс жұмысы болып табылады және баспада жариялауға ұсынамын.

Пікір білдірген:

«Тұран» университетінің

құқық ҒЗИ директоры,

Заң ғылымдарының докторы,

профессор,

ҚР ІМ еңбек сіңірген қызметкері,

ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері



Т.К. Әкімжанов

« 01 » 09 2025 ж.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті құқық және экономика факультеті, құқықтық пәндер кафедрасының оқытушы-әдіскері, тарих ғылымдарының кандидаты С.С. Тинистанованың «Азаматтық қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру тетіктері» атты монографиялық еңбегіне

ШКІР

Берілген монографиялық еңбек қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселесіне арналған. Автор еңбегінде сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік, құқықтық, саяси және рухани-адамгершілік қырларын жан-жақты талдап, оны болдырмаудың тиімді тетіктерін ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Монографияның құрылымы жүйелі, тақырыптық бөлімдері өзара сабақтас және логикалық байланыста құрылған. Әр тарауда мәселенің теориялық негіздері мен практикалық аспектілері қатар қарастырылып, ұлттық және халықаралық тәжірибелер салыстырмалы түрде талданған. Бұл монографиялық еңбекте автор азаматтық қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білудің негізгі тетіктері ретінде: мінез – құлықты қалыптастыру, тәрбие берудегі отбасының рөлін, азаматтарды ақпаратпен қамтамасыз етудегі бұқаралық ақпарат қызметінің маңыздылығын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие мен білім және азаматтардың белсенділігін арттырудағы қоғамдық белсенділік туралы қамтыған.

Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен әлеуметтік маңызды сұрақтарға көзқарасы отбасынан бастау алады. Еңбекті құрметтеуге, моральдық тұрғыдан таза болуға, адалдыққа тәрбиелеу үшін ата – ананың өзінің осы бағыттағы дұрыс ұстанымы болуы қажет, сондықтан монографиялық еңбекте отбасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы орнына басымдық береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілген шаралар, форумдар, дөңгелек үстелдер, конференциялар туралы ақпарат таратуда маңызды орын алады. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы ақпаратпен, ұсталған адамдар мен жазалар туралы кеңінен жариялайтын бұқаралық ақпарат құралдары болғандықтан, автор осы міндетті жүзеге асырудағы оның алатын орнына көңіл бөлген.

Автор сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуында білім беру жүйесінің, қоғамдық сана мен азаматтық ұстанымның рөлін ерекше атап өтеді. Бұл тұрғыдан алғанда еңбек жастарды адалдық, әділдік, жауапкершілік қағидаттарына тәрбиелеудің маңыздылығын дәлелді түрде көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім – сыбайлас жемқорлықпен күрестегі үздіксіз процесс. Сыбайлас жемқорлық, оның белгілері, қарсы мемлекеттік саясат, жауаптылық, жемқорлыққа төзбеушілік, тәрбиелік